**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Кедендік автоматтандырылған ақпараттық жүйесін енгізуге сараптама жүргізу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 23 мамырдағы N 139-ө Өкімі

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Кедендік автоматтандырылған ақпараттық жүйесін (бұдан әрі - КААЖ) құруға және дамытуға республикалық бюджеттен бөлінген бюджет қаражатының жұмсалуы жөнінде, сондай-ақ функционалдық кіші жүйелер (құрауыштар) бөлінісінде техникалық тапсырмаға КААЖ-дың нақты жай-күйінің сәйкестігіне тексеру жүргізу мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Тілеубердин Алтай Абылайұлы - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы, жетекші

Есекеев Қуанышбек Бақытбекұлы - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының орынбасары, жетекшінің орынбасары

Жайлаубаева Әсия Сейітжапарқызы - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі басқарма бастығының орынбасары

Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі

Түсіпбеков Әміржан Нұрышұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау комитеті төрағасының орынбасары

Мәмбеталин Әлихан Есенғосұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті төрағасының орынбасары

Байшолақов Алмат Мұратұлы - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Заңға тәуелді кесімдер департаментінің директоры

Акаев Магомед Магомедзапирович - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Мемлекеттік органдар қызметінің заңдылығын қадағалау департаментінің басқарма бастығы (келісім бойынша)

Кенжалиев Мәлік Сәбитұлы - Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) Сыбайлас жемқорлық туралы істерді ашу және олардың алдын алу департаментінің аса маңызды істер жөніндегі аға инспекторы (келісім бойынша)

Пшеничников Владимир Иванович - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті ақпараттық технологиялар басқармасының бастығы

Қоңқашева Гүлжан Махметқызы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің ақпараттық технологиялар басқармасы бастығының орынбасары

Токун Сергей Борисович - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот сараптамасы орталығының жетекші сарапшысы

Исин Нұрлан Құрманғалиұлы - "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы (келісім бойынша)

2. Жұмыс тобы бір ай мерзімде мыналар:

КААЖ-ды оның функционалдық кіші жүйелері (құрауыштары) бөлінісінде құруға және дамытуға республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың мақсатты және тиімді пайдаланылуы;

КААЖ-ды оның функционалдық кіші жүйелері (құрауыштары) бөлінісінде құруға және дамытуға жүргізілген шығыстардың тиімділігі, уақтылылығы, сапасы мен нәтижелілігі өлшемдерін қолдана отырып, республикалық бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атқарылуы;

функционалдық кіші жүйелер (құрауыштар) бөлінісінде КААЖ-дың нақты жай-күйінің техникалық тапсырмаға сәйкестігі жөнінде қорытынды дайындасын.

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК